

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ

АҚПАРАТ

МИНИСТРЛІГІНДЕ АСТАНА

ҚАЛАСЫНДА ТІРКЕЛІП,

№12807 - Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН

МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ

БАСПАСЫ

«Білім әлемі»

Бас редактор –

Усипбаева П.М.

Редактордың орынбасары –

Байбосынова А.

Әдістеме бөлімінің редакторы –

Култаева Кульдана

Нурбосынқызы

Редакция алқасы:

Текесбаева Анар

Педагогика ғылымының

кандидаты, доценті

Бидайбекова Айгул

Құнанбекқызы

БАҰО «Өрлеу» АҚ

Алматы қаласы бойынша

педагогикалық қызметкерлердің

біліктілігін арттыру институты

«Иновациялық даму бөлімінің аға

ғылыми қызметкері

Көшекбаева Б.Г.

Алматы қаласы №167 жалпы білім

беретін мектептің директордың

оқу-ісі жөніндегі орынбасары

Теруге: 2024 жылдың 12. 05 күні
жіберілгенБасуға: 2024 жылдың 12. 20 күні
қол қойылды

Таралымы: 500 дана

Басылым индексі: 74442

Редакцияның мекен - жайы:

Байзаков көшесі

125 үй

Байланыс телефондары:

Ұялы: 8 701 826 53 77

Пошта e - mail:

Bilim_alemi.kz@mail.ru

peryzat2011@mail.ru

Қазақстан ұстазы

№12 (143), желтоқсан 2024 жыл

Ай сайын шығатын республикалық ғылыми –

әдістемелік педагогикалық журнал.

Журнал қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

М а з м ұ н ы

Абдирова Макбал Еркиновна

Буллинг және онымен күресу жолдары.....4

Мустафина Нургуль ЕрмаковнаМұғалімнің кәсіби дамуы: Бастауыш сынып педагогінің
өзін-өзі жетілдіру жолдары.....7**Сасенова Перизат Курмашевна**Инклюзивті білім беру: Бастауыш сыныптағы ерекшеліктер
мен мүмкіндіктер.....10**Есенбаева Дамегул Жамбуловна**Бастауыш сыныптарда жасанды интеллекті қолданудың
артықшылықтары.....13**Азарова Елена Алексеевна**Тема : «Игровые моменты на уроках математики в начальных
классах».....19**Турсынова Айзат Нурмухаметқызы**

Бейнелеу өнерін оқытудың мақсаттары мен міндеттері.....23

Батанова Назира ЖумакадровнаМатематиканы оқыту үрдісінде инновацияны қолданудың
маңызы.....27**Джундыбаева Айгуль Абдрауовна**

Программы «Біртұтас тәрбие».....31

Экажсева Виктория ВикторовнаСыздыкова Асель Муратовна
Организация работы с использованием схем и таблиц на
уроках истории.....34**Бралинова Асель Ислямовна**

Сабақ тақырыбы: Қазақ киносының атасы.....38

Бралинов Сейтгалы Багдатович

«Батыр Баян» поэмасының көркемдік ерекшелігі.....42

Тайжанова Аралгүл МахсұтқалиқызыТуа пайда болған және жүре пайда болған иммунитет
түрлері.....46

Барлық авторлар мақаласының электронды нұсқасын флешка не диск әкелуі не редакцияның электронды поштасына жіберуі тиіс. Бір беттік хабар, өлең болмаса мақала факспен қабылданбайды. Мақалалар авторлардың стилі, орфография хақы сақталып өңделеді. Автордың байлам тұжырымы редакция көзқарасымен сәйкеспеуі де мүмкін. Жарияланымдағы деректердің нақтылығына автор жауапты. Көшіріп басылса не пайдаланылса, сілтеме жасалуы тиіс.



Республикалық ғылыми – әдістемелік педагогикалық

мерзімді баспасөз басылымы

«Білім әлемі»

Құрметті оқырман қауым!

Баспасөз басылымы туралы мәлімет

Таралымы: Қазақстан Республикасы

Шығу жиілігі: Айына 1 рет

Басылым тілі: Қазақ, орыс, ағылшын

Негізгі бағыты: 1. Педагогикалық ашық сабақтар, баяндамалар, тәрбие сағаттары

2. Мақала электронды түрінде қабылданады.

3. Баспа бетіне шығу құны: келісімді

Почта: Bilim_alemi.kz@mail.ru

Ұялы телефон: 8 701 826 53 77

Таралымның 2024 жылға төменгі тізім бойынша

жылына немесе айына жазылу бағасы

Ин- декс	Баспа атауы	Жылдық	Формат, салмағы, беті	Белгіленген баға (теңгемен)			
				1__ ай.	3__ ай.	_6_ ай.	_12__ ай.
74442	Қазақстан ұстазы ұлағаты	12	A4, 32 250г	700	2100	4200	8400
74423	Өнер әлемі өзегі	12	A4, 32 250г	600	1800	3600	7200
74424	Дарынды өркен	12	A4, 32 250г	1500	4500	9000	18000
74571	Қазақ тілі мен әдебиеті білім әлемі	12	A4, 32 250г	600	1800	3600	7200
74574	Шетел тілі білім әлемі	12	A4, 32 250г	500	1500	3000	6000
74573	Бастауыш мектеп білім әлемі	12	A4, 32 250г	500	1500	3000	6000
74576	Орыс тілі мен әдебиеті білім әлемі	12	A4, 32 250г	500	1500	3000	6000
74577	Математика және физика білім әлемі	12	A4, 32 250г	500	1500	3000	6000
74572	Химия және био- логия білім әлемі	12	A4, 32 250г	500	1500	3000	6000
74575	География және тарих білім әлемі	12	A4, 32 250г	500	1500	3000	6000
74578	Ізденіс	12	A4, 32 250г	500	1500	3000	6000

А. Байтұрсынов атындағы шағын жинақты бастауыш мектеп

Педагог - психолог

Абдирова Макбал Еркиновна



БУЛЛИНГ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ

Буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, қудалау, мазалау дегенді білдіреді. Адам үйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кез келген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Сонымен қатар бұл физикалық агрессияны ғана емес, психологиялық қысым, қорқыту, тартып алу, қорлау дегенді білдіреді. Буллинг жасаушы (оқушы) мұны күшпен де, сөзбен кемсіту арқылы да жасайды әрі бұл әрекетін жиі қайталауы мүмкін және әлсіз оқушыны қорлап, күтпеген жерден немесе ескерту арқылы шабуыл жасайтын адамды сипаттайды.

Буллингке кез келген сыныптағы оқушылар ұшырауы мүмкін. Көбіне бастауыш сынып оқушылары арасында кездеседі. Ол бірнеше жылдан мектепті аяқтағанша созылуы мүмкін. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы қорқыту, кемсіту белгілі бір топқа біріккен оқушылардың өзінен ерекшеленетін баланы шеттетуден басталады. Қысым көрген оқушының мінезі, ойлау жүйесі, сырт келбеті немесе қандай да бір себеппен «командаға сыймайтындай» ерекшелігі болуы мүмкін.

Бірінші кезекте, кез келген ата-ана баласымен ашық және жиі сөйлесіп тұруы қажет. Буллинг тақырыбында көбірек сөйлескен жағдайда ғана баланың қысымға ұшырағанын не қатарластарынан көргенін айта алады. Мектептегі уақыты қалай өткенін, интернетте не істейтінін сұраған жөн. Тек сабақ үлгерімі емес, баланың сезімі, қатарластарымен қарым-қатынасы жайлы да сөйлесу қажет.

Ата-ана баласы үшін үлгі болуы қажет. Балаға айналадағы адамдармен қалай дұрыс қарым-

қатынаста болу керекін, қысым көрген адамды қолдауды үйретсе, оның мейірімді және өзгелерді құрметтеп өсетінін ескерген жөн.

Буллингке ұшыраған балалар көбіне мектепте не болып жатқанын ата-анасына айтуға қорқады. Сондықтан кез келген ата-ана баланың буллингтен зардап шеккенін байқауы керек. Қысым көрген баланың мінез-құлығында мынадай өзгерістер болуы мүмкін:

- өзінен кіші балалар мен жануарларға агрессиямен қарау;
- ұйқы немесе тамақтану режимінің бұзылуы;
- концентрацияның жоғалуы;
- тез шаршау;
- тыныштықта көп болу;
- реніш;

Бала біреу оны ренжіткен болса, ол бұл туралы мұғалімдерге немесе ата-анасына айтуға құқылы екенін анық білуі керек. Буллингке ұшыраған бала ата-анасына немесе мұғалімдеріне не болып жатқанын өте сирек жағдайларда айтады. Сондықтан баламен ашық диалог құрып, көп сөйлесу қажет. Балаға психологиялық және эмоционалдық қолдау жасап, оның жағында екеніңізді сезіндіруіңіз керек.

Егер балаңыз сыныпта қысым көрсе, бірінші кезекте сыныптастарының ата-анасымен сөйлесу керек. Жалпы жиналыста емес, әр ата-анамен жеке-жеке сөйлескен дұрыс. Егер әңгімелесу нәтиже бермесе, онда сынып жетекшісі, мектеп директоры, психолог пен учаскелік полиция қызметкерін араластыру керек.

Әдетте буллингке ұшыраған баланың қызығушылығы жоғалады. Мысалы, сурет салу-

ды ұнататын баланың оған деген қызығушылығы төмендеуі мүмкін. Оқу үлгерімінің нашарлап, мектепте барудан бас тартуы мүмкін. Одан бөлек, буллинг онлайн-кеңістікте де болуы мүмкін: баланы ортақ чаттан шығарып, бұғаттап, оған жағымсыз нәрселер жіберген болуы мүмкін.

Буллингке ұшыраған балада психосоматикалық бұзылыстар байқала бастайды: жиі басы ауырады, ұйқы мен тәбет проблемасы байқалады, созылмалы аурулар асқынуы мүмкін. Бұған қоса депрессия, мазасыздық, невротикалық белгілер пайда болады.

Өзгелерге буллинг жасап, кемсітетін балалар көбінесе белгілі бір топтың не қауымдастықтың мүшесі болғысы келеді. Ата-ана не достарының өзіне көңіл бөлгенін қажет ететін балалар көбіне буллинг жасауға бейім. Балаңызға осы әрекеттерді тоқтатуға көмектесу үшін бірнеше қадам жасау қажет:

– Балаңыздың неге ондай іс-әрекетке баратыны туралы сөйлесуіңіз керек. Балаңызбен сөйлесе отырып, оны «буллингке ұшыраған бала» орнына өзін қойып көруін айтыңыз. Көбіне осындай іс-әрекетке баратын балалар үйде көргенін қайталайды. Сондықтан ата-ана үйде балаларына көрсетіп жатқан іс-әрекет, үлгілеріне де аса мән берген жөн.

– Балаңыздың кінәсін түзуге мүмкіндік беріңіз. Егер балаңыздың буллингтік іс-әрекеттер жасағанын байқасаңыз оларға мынадай шектеулер қоюға болады. Мысалы сондай жағдайларға бейім достармен кездесуді шектеу, интернетте көп отыруын шектеуге болады. Кінәлі екенін түсіндіріп, достарынан кешірім сұрауға, өзгеге сыйластық көрсетіп, мейіріммен қарауға үйретіңіз.

Психолог буллингтің кез келген түрі қауіпті екенін айтады. Маманның сөзінше, қазіргі уақытта әлеуметтік желілер мен технологиялардың жаңа деңгейге шығуы балалар арасындағы буллингті де жаңа деңгейге көтерген. Буллинг көп жағдайда физикалық қысымнан ғана тұрмайды. Көбінесе психологиялық шабуыл: қорлау, жаман сөздер айту, келемеждеу, өсек пен өтірік сөз тарату және шеттетуден тұрады. Әсіресе соңғысы балалардың өз ортасынан алшақтап, жалғыздықтан суицидке баруына әсер етеді, дейді ол.

«Балалар арасындағы буллинг бұрыннан бар нәрсе. Тек қазіргі уақытта телефонға түсіріп алу, оны таратып жіберу секілді әрекеттер бұл мәселені одан бетер өршітіп жіберді. Сонымен қатар қазір буллингтің физикалық түріне қарағанда психологиялық шабуылы көбірек байқалады. Балалар арасындағы суицидтің көп белең алып кетуі де осыған байланысты. Алайда біз бұдан физикалық буллингке қарағанда оның психологиялық түрі қауіпті болады деп айта алмаймыз. Бұлардың екеуі де қауіпті. Мысалы, физикалық шабуыл кезінде қудалауға ұшыраған баланы итеріп жіберіп немесе ауыр соққы жасаса, психологиялық түрінде баланы шеттету, мазақтау, күлкіге айналдыру болады. Мұның барлығы да ақыл-есі қатпаған жасөспірімге ауыр әсер етеді», – дейді психолог.

Психолог мектептегі буллинг көбіне бастауыш және орта сыныптарда кездесетінін айтады. Сөзінше,

10-11 сыныптарда ми құрылымдарының жетілу процестерінің және жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу қабілетінің аясында мұндай мәселелер бірте-бірте жойылады.

«Басталған буллингті тоқтату өте қиын. Оның қатысушылары да көп болады. Мәселен, буллер қудалауды ойлап тауып, оны жүзеге асырады. Бақылаушылар – олар даудан алшақ жүреді, бірақ болып жатқан жағдайға жақтау немесе қарсылық реакциясын білдіреді. Соңғысы – құрбан болған бала. Психологияда тіпті «бақылаушының жарақаты» деген термин бар. Көп жағдайда балалар үздіксіз зорлық-зомбылықтың куәгері болу тәжірибесін өз бетімен жеңе алмайды. Яғни буллинг тек құрбан болған баланың ғана емес, үнсіз бақылаушы баланың да психикалық денсаулығына зиян келтіреді», – деп түсіндіреді маман.

Психолог буллингке баратын балалардың да психологиялық ерекшеліктеріне мән беру қажет деп санайды. Өйткені отбасының әл-ауқатына, ата-анасының қамқорлығына және даму деңгейіне қарамастан, кез келген бала қорлаудың құрбаны болуы мүмкін. Агрессия олардың балаларына қарсы бағытталмағанын көрсетсе де, ересектердің мұндай мәселелерді бақылауда ұстауы маңызды дейді ол.

«Көп жағдайда ата-анасы ажырасып кеткен болмаса бақылаудан шығып қалған балалар агрессияға бір табан жақын болады. Олар өздерінің басқалардан төмен екенін байқатпау үшін, (психологияда оны «қорғаныс механизмі» дейді), сол секілді әкесінің жоқ екені туралы сұрақ туындамас үшін бейсаналық инстинкт бойынша қудалау әрекеттеріне барады. Егер бала буллингтің құрбаны болып, бірақ өзі мұны айтпаса, оны мынадай физикалық және психологиялық белгілерінен байқай аламыз. Олар: ауыру белгілері, мектепке баруға зауқы болмайды яки мектепке кеттім деп басқа жерде жүреді. Алаңдаушылық пен уайым. Сөйлеуге зауқы болмайды және көбінесе оңашаланып жүреді», – деп жалғады психолог.

Психолог мектептегі буллингтің барлық балалар үшін жағымсыз салдарға алып келетінін жеткізді. Сондай-ақ отбасындағы тәрбиенің де баланың өсіп-жетілуіне, оның үйден шыққандағы әрекетіне толық әсер етеді.

«Әр отбасының тәрбиесі әр алуан болатыны түсінікті. Ата-ананың барлығы баласына дұрыс тәрбие беріп, түзу жолда жүрсе екен дейді. Үйде баланың өз бетімен шешім қабылдауына мүмкіншілік беру қажет. Кейде баланың бетінен қақпай, көкке көтеріп өсірудің өзі теріс әсер ететінін жағдайлар кездеседі. Сонымен қатар авторитарлық отбасылар болады. Баланы қысып ұстау, оның пікірін тыңдамау, ұрып-соғу деген секілді. Осындай жағдайларда бала ішінде жиналып қалған агрессиясын сыртқа шығарады. Бұл мектепке келіп басқа балаларды кемсітумен, мазақтаумен көрініс табуы ықтимал», – деп қосты психолог.

Буллингтің алдын алу үшін не істеу керек?

Психологтың сөзіне сүйенсек, жасөспірімдер арасындағы буллинг – кешенді тәсілді қажет ететін мәселе. Мектептегі қудалаумен бала жалғыз өзі емес,

бүкіл тарап – оқушының өзімен қатар ата-ана мен мұғалім де күресуі керек. Буллингке ұшырағандарға айтылатын алғашқы кеңес – маманның көмегіне жүгінген жөн. Психолог бұл мәселелерді жік-жікке бөліп айтып берді.

«Алдымен ата-анасы не істеуі керек, осыған тоқталайық. Қорлық көрген баланың ата-анасы көп жағдайда кінә, ұят, ашу және әлсіздік секілді сезімдерді басынан өткереді. Осыған байланысты кейде қолдау мен жанашырлықтың орнына олар: «Неге қарсы жауап бермедің?», «Әлсіз болма!», «Өзің кінәлісің» деген секілді сөздер айтып, баланың өзін айыптайды. Бұл кез келген отбасының басынан өтуі мүмкін екенін ұмытпау шарт. Бұл жерде ешкімнің кінәсі жоқ, әсіресе баланың. Керісінше, мына сөздер бала мен ата-ананың әңгімесіне оң әсер етеді:

«Мен саған сенемін». Бұл балаға кез келген жағдайда өзін жалғыз емес екенін ұқтырады;

«Бұл сенің кінәң емес». Осы арқылы балаға мұндай мәселеге тап болып тұрған өзі ғана емес екенін түсіндіру маңызды;

«Мен сені жақсы көремін және енді қайта қауіп төнбес үшін барлығын жасаймын». Бұл балаға қорғаныш сезімін ұялатып, болашаққа үмітпен қарауына көмектеседі.

Балаңыз кез келген жағдайда көмек сұрауға дайын болатындай әрқашан сенімді қарым-қатынас орнатыңыз».

Мұғалімге ақыл-кеңес

«Мектептегі және сыныптағы буллингпен күрес мәселесі бұл да үлкен тақырып. Мұғалімдер әсіресе балалардың ата-анасымен тығыз байланыста болуы керек. Өйткені көбінесе ата-анасы баласының сыртқа шыққандағы мінез-құлқынан хабары болмай қалады. Содан соң сыныпта ортақ жағымды атмосфера қалыптастыру маңызды. Бұзақылыққа баратын балаларды сынып арқылы тәрбиелеу секілді. Басқа мектепке ауысу кез келген жағдайда балаға көмегін бере бермейді, себебі қудалау жалғасуы мүмкін».

Баланың өзіне ақыл-кеңес

«Жасөспірім өзінің жасына байланысты буллингтен өзін қорғап қала алмайды. Бұл үлкендердің жұмысы. Дегенмен, мұндай мәселелердің алдын алу үшін ересектер балаларға түсіндіруі керек негізгі мәселелер бар:

Өзі сенім артатын үлкендерге болып жатқан қысым туралы айту;

Қудалауға қатігездікпен жауап берем деп үміттену дұрыс емес. Бұл тағы да басқа мәселелерді тудыруы мүмкін;

Егер буллингтің куәгері болған жағдайда оны назардан тыс қалдырмауды үйрету».

Буллинг пен кибербуллингтің баланың болашағына әсері қандай?

Психолог мектеп кезінде үнемі қудалауға ұшыраған баланың өз-өзін көрсетуі, көшбасшылық қабілеттері мен өзіне сенімділігі төмен болатынын айтады. Мектеп табалдырығынан басталған буллинг баланы ер жеткен шағында да ізінен еріп жүруі мүмкін, дейді ол.

«Балалардың 80% телефон мен компьютерге тәуелді болып қалған. Көп жағдайда ойынға беріліп кеткен балалар виртуалды әлемді шынайы өмірмен шатастырып алады да, суицид пен басқа да әрекеттер оларға оңай болып көрінеді. Жоғарыда айтқанымыздай санасы қатаймаған балалар мұны жете түсіне алмайды. Сонымен қоса суицид туралы оқиғаларды балалардың көруіне шектеу қою қажет. Себебі мұны көрген баланың кейбірінің батылдығы оянып, кейбірінің қызығушылығы оянып, осындай әрекетке барып жатады. Себебі балалардың психологиясы әртүрлі болатынын айттық, осы себепті олар ақпаратты да әртүрлі қабылдайды», – деп түсіндірді психолог.

Қорытынды. Балаларды буллингтен қорғау

Психолог балалар арасындағы буллингті мүлдем жою мүмкін емес екенін айтады. Бірақ алдын алу шаралары арқылы оны азайта аламыз, дейді маман.

«Елімізде мектептегі буллинг мәселесі балалар арасында қалыпты жағдай секілді болып қалған. Алайда бұл олай емес, бұл мәселемен кешенді күрес жүргізу қажет. Бұл ретте Еуропа елдеріндегі мектеп тәрбиесін зерттеп, керек жағын алғанымыз да абзал. Мәселен, еуропалық мектептерде балалардың киім үлгісіне еркіндік берілген. Сол секілді жасөспірімдермен жастайынан ашық әңгімелесіп, диалог орната алады. Бізде керісінше, бала ішіндегіні айтудан жасқанатын кездер аз емес. Осының барлығы бұл мәселені шешуді қиындатып жібереді. Біз буллингті түбегейлі жойып жібере алмаймыз. Бұл бұрын болған, қазір де қайталанатын. Тек осыған өзіміз дайын болып, балалар арасындағы қудалау мен қысымды азайта аламыз», – деп түйіндеді психолог.

Психолог сөзін түйіндей келе әрбір ата-анаға өз баласымен ашық әңгімелесуді, мектеп қабырғасында өзі немесе басқа бала қысымға ұшыраса не істеу қажет екенін түсіндіруге кеңес береді. Сонымен бірге баланың өзі агрессорға айналып кетпес үшін, айналасына деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыру қажет деп санайтынын баса айтты.

Әдебиеттер тізімі

Кибербуллинг, или травля в Интернете: Разбираемся и советуем как от него защититься [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://cabar.asia/ru/kiberbulling-ili-travlya-v-internete-razbiraemsya-i-sovetuem-kak-ot-nego-zashhititsya>.

80 % жертв кибербуллинга среди подростков — девочки — эксперт [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://khabar.kz/ru/news/obshchestvo/item/128288-80-zhertv-kiberbullinga-sredi-podrostkov-devochki-ekspert>.

Мемлекет басшысы Қ.–Ж.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі». 2020 жылғы 1 қыркүйек [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek

«Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

Мустафина Нургуль Ермаковна



МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ: БАСТАУЫШ СЫНЫП ПЕДАГОГІНІҢ ӨЗІН-ӨЗІ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі кезде білім беру үрдісінде сабақтың дәстүрлі емес, яғни жаңа түрлері қолданылып келеді. Олар – тренинг сабақтар, дебат сабақтар. Бұл сабақтардың негізгі мақсаты – оқушылардың қисынды ойлау қабілетін дамыту. Сондықтан университет жағдайында болашақ педагогтердің таным белсенділігін арттырып, оларды оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық технологияны пайдалануға дайындау қажет. Ол үшін студенттердің үнемі ізденуіне жол беріп, кәсіби шығармашылық әрекетін қалыптастыру керек.

Бүгінгі біздің қозғап отырған мәселеміз, мұғалімнің жан-жақтылығы. Жалпы мұғалім ол тек білім беруші ғана емес, бала жүрегіне жол табатын психолог болуы шарт. Ал мұғалім әлемдік білім беру жүйесінен мол ақпарат алып отырса, оның шәкіртке берген білімі нәрлі болады, кәсіби даярлығы мол мұғалімнің ілімі ғұмырлық сақталады деген тұжырым жасаймыз.

Бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға –

ұстаз. Яғни жас ұрпақты оқытуда тиімді жағдайлар жасау көбіне мұғалімге тікелей байланысты. Мемлекетіміздің жарқын болашағы мен гүлденуі үшін қазіргі жоғары оқу орнында мұғалім қандай болуы керек? деген заңды сұрақтар тууы сөзсіз. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі оқу орнына ойшыл, зерттеуші, өз ісіне қатып қалған қасандық пен жаттандылықтан аулақ, өмірлік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген, психолог-педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет.

Мұғалімнің кәсіби біліктілігін шыңдаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтік тәжірибесінің дамуының алғы шарты болып табылады. Ұстаздың кәсіби шеберлігінің негізі:

Біріншіден, мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымы.

Екіншіден, пәнді жетік білуі, ойын оқушыларға

толық жеткізу үшін жан-жақты қасиеттерді бойына сіңіруі, моральдық нормаларды білуі.

Үшіншіден, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін міндетті түрде меңгеруі тиіс. Педагог көп біліп қана қоймай, сол білгендерін оқушыға бере білуі қажет.

Ұстаз шеберлігінің төртінші құрамды бөлігі педагогикалық әдеп деуге болады.

Сонымен, педагогтік шеберлік – тек қана мұғалімнің жалпы жан-жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол — әр сөзді оқушыға жеткізе білуі, олардың толық қабыл алуын, толғанып бойға сіңіруін үйретуі.

Педагогикалық әдеп – мұғалімнің әрбір нақты іс үстінде тәрбие мәселесінің ең ұтымды әдіс-тәсілдерін қолданып оқушыларды еліктіріп әкететін кәсіптік сапасы. Оқушылармен қарым-қатынас тұрғысынан қарағанда педагогикалық әдеп мұғалімнің жан-жақтылығының, оның идеялық сенімінің, жүріс-тұрыс мәдениетінің, жалпы және арнаулы білімінің, мамандығына байланысты ізденіс жемістері қорының жиынтығы іспетті. Шебер педагог болмай тұрып әдепті педагог болу әсте мүмкін емес.

Қазіргі заманда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналды. Дүние жүзінде білімнің маңызды рөлі артты. Адамның болашағы оның қазіргі алған білімінің сапасына, көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты.

Мұғалімнің кәсіби деңгейі мен әлеуметтік беделі оқушы жүрегіне жол таба білумен мөлшерленеді. Бүгінгі күн талабы тұрғысынан қарасақ, оқыту ісі тек сабақ беру ғана емес, оқытудың басты міндеті: мұғалімнің білім беруі және оқушының білім алу қызметтерінің біріккен түрі екендігінде. Өскелең заман әрбір студенттің тұлға ретінде тәрбиелеуді қажет етуде. Сондықтан студент қызметін басымдау етіп, үйренуші тұлға тек шәкірттер екенін ескеріп, білім беру ісін ұйымдастыруды дамыту жоғары оқу орынының бүгінгі басты нысанасы болмақ. Ұстаз шәкірттің білім алуға деген құлшынысын тудыра алмаса, оның ынтасы, пәнге қызығуы қалыптаспайды. Өйткені, мұғалім тақырыпты бастан-аяқ талдап, өзі түсіндіріп, тек аз уақыт оқушының жаттығуды өзі орындауына ғана көңіл бөледі. Ал қазіргі жаңа технологияға байланысты білім беруді студент өзі ізденіп, жаңа тақырыпты оқып, түсініп, пәнге байланысты әдебиеттермен жұмыс жасап, жолдастарымен ой бөліссе, өз білгенін көпшілікке жүйелі түрде жеткізе алса, онда ұстаз нәтижеге қол жеткізеді.

Кәсіби шебер мұғалімнің бойында мынадай қасиеттері болуы тиіс:

1. сергектік, байқағыштық;
2. сезімталдық;
3. сенім;
4. әділдік;
5. байсалдық;
6. ұстамдылық, төзім, сабыр сақтау;
7. ілтипаттық.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орнындағы студенттерге білім берудің сапасы мен деңгейін жан-жақты

көтеру жаңаша ойлайтын, оқыту мен тәрбиенің жаңа технологиясын күнделікті жұмысында қолдана білетін оқытушылардың қолынан ғана келеді. Жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру, ең алдымен, мұғалімнің кәсіби даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасуына байланысты. Сондықтан болашақ мұғалімнің кәсіби біліктілігін жоғары оқу орнында жүйелі қалыптастыруға тиіспіз. Әсіресе, болашақ мұғалімдерді оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді, озат тәжірибелерді сараптап, шығармашылықпен жұмыс атқарып, олардың жеке шығармашылығын қалыптастыруға көңіл бөлу қажет.

Кәсіби біліктілікті арттыру – басты мақсат.

Еліміздің болашағы мұғалімнің білімі мен біліктілігіне, рухани әлеуетіне, құқықтық және саяси мәдениетіне байланысты. Білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру, мемлекеттік білім беру стандартын жүзеге асыру, жаңа буын оқулықтарын оқыту үрдісіне енгізу тәрізді келелі мәселелер ұстаздарға шеберлік пен іскерлікті, кәсіби дайындығының сапасын өсіру және дамыту міндеттерін қойып отыр.

Білім және ғылым министрлігі үстіміздегі оқу жылы бірінші рет тамыз педагогикалық кеңестерін мұғалім мәселесіне арнап, “Егемен Қазақстанның мұғалімі: оның әлеуметтік беделі мен кәсіби мәртебесі” деген тақырыпта өткізді. Мұғалімнің әлеуметтік беделі мен кәсіби мәртебесін көтеру қажеттігін алдымен білім беру және ғылыми қызметкерлерінің II республикалық сиезінде еліміздің Президенті Н.Назарбаев айтқан болатын.

Мұғалімнің кәсібилігі туралы әңгіме қозғағанымызда өте көп мәселелік сұрақтар туындайды. Сөз жоқ, мұғалімнің кәсіби деңгейін оның оқушыларға тиісті дәрежеде білім беру, біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру тұрғысынан бағалау қажет-ақ.

Қазіргі өмір талабына сай педагогикалық жоғары оқу орындары білімді мұғалім ғана емес, әрі тәрбиеші, әрі қоғамшыл, әрі зерттеуші, әрі ұйымдастырушы мұғалім даярлау – күрделі үрдіс.

Бүгінгі білім беру саласындағы көкейкесті мәселенің бірі – біліктілікті арттыру. Яғни біліктілікті арттыру жүйесінің жаңа дидактикасын жасау.

Педагогика саласында “біліктілік” термині әр түрлі аспектіде, соның ішінде кәсіби даярлық, кәсіби шеберлік мәселелеріне жақын қарастырылады. Н.Кузьмина “кәсіби біліктілік – іс-әрекеттің сапалылығының сипаттамасы және еңбектің ең жоғарғы бағасы, ал іс-әрекеттедегі кәсіби біліктілік – бұл маманның кәсіби міндеттерді шешуде бүгінгі заманға сай мазмұн мен жаңа сараланатын, іс-әрекеттің субъектісіне, нақты мамандық өкіліне сапалы мінездеме мен баға беру” деп атап көрсетті.

Кәсіби біліктілік – бұл кәсіби іс-әрекеттегі субъектінің үнемі өсу үстінде болатын өзін-өзі дамыту үрдісі. Осыдан келіп кәсіби біліктілікті іс-әрекеттегі субъектінің жеке интегративті қасиеттерінің мінездемесі ретінде қарастырудың өзектілігі туындайды.

Әдебиеттер мен нормативтік құжаттарда біз мы-

надай анықтамаларды кездестіреміз: “Оқытушының кәсіби біліктілігі ретінде оның педагогикалық қызметі, педагогикалық қарым-қатынасы, мейлінше жоғары деңгейде жүзеге асырылатын еңбегі, мұғалімнің жеке қасиеттерінің жүзеге асырылу көрсеткіштері, оқушыларды тәрбиелеу және оқыту ісіндегі биік нәтижелер мен жетістіктері ескеріледі”. Өз кезегінде “білікті маман – мамандыққа тән нормалауды меңгерген, өз бетінше кәсіби мақсаттарды жүзеге асыра алатын, мотивациясы мен өзін-өзі жүйелеудің жоғары деңгейін иемденген, өзін-өзі басқара білетін адам” деп көрсетіледі.

Кез келген білім беру мекемесінде кәсіби шеберлікті көтеру мәселесі, педагогикалық ұжымды қалыптастыру кезеңінен басталады. Оқытушының кәсіби шеберлігін, біліктілігін көтеру – білім беру сапасын көтерудің ең маңызды шарттарының бірі.

Кәсіби шеберлікті қалыптастыру – оқытушының шығармашылық жеке тұлғасын қалыптастыру, жаңаны қабылдауға деген дайындықты қалыптастыру, педагогикалық инновацияларға деген қабылдауларын дамыту.

Білік – игерілген білімдер мен өмірлік тәжірибе негізінде орындалуы тез, дәл, саналы теориялық және тәжірибелік әрекеттерге даярлығы. Жүйенің мазмұны мен мақсатын, әдіс-формаларын, ұстанымдарын, білім алушылар мен оны ұйымдастырушылар арасындағы қарым-қатынасты өзгерту жаңа нәтижелерге әкеледі. Бұл мәселені шешудің жолдарының бірі – осы дидактикалық жүйедегі негізгі бөлік оқытуды жаңаша ұйымдастыру немесе технологияландыру деп түсінеміз.

Орыстың белгілі педагог ғалымдары Н.Крупская, А.Луначарский, А.Макаренко, В.Сухомлинский, Н.Блонский, т.б. мұғалім даярлаудың негізін қалаушылар. Қазіргі ғалым педагогтар, психолог әдіскерлер В.Сластенин, С.Полянский, Л.Керімов, А.Қадыров, А.Щербаков, К.Әбдімажитұлы, Н.Кузьмина, т.б. жоғары оқу орындарын білім мен біліктілікті, кәсіби іскерліктерін жетілдірудің және мұғалімдерді мұғалімдік мамандыққа даярлаудың бірден-бір үрдісі ретінде дәлелдейді.

Біздің елімізде кәсіптік білім берудің екі сатысы бар: орта мамандар даярлайтын арнайы оқу орындары, жоғары мамандар даярлайтын оқу орындары. Кәсіптік білімнің негізі – жалпы және политехникалық білім.

Мұғалімнің жеке басының үлгісі – кәсібилікпен біте қайнасқан қасиет. Сонымен мұғалімнің кәсібилігі іс жүзінде жас ұрпақты өмірге әлеуметтік қажеттілік деңгейінде дайындап шығаруды қамтамасыз ететін оның психологиялық, педагогикалық және ғылыми-пәндік білімдері мен оларға сәйкес мәдени-адамгершілік бейнесі және имиджінің жиынтығының жоғары сатысы болып табылады.

Педагогикалық әрекеттің шыңына апаратын келесі баспалдақ – кәсібилік. Қоғамның жаңаруы мен қарыштап дамуы оның азаматтарының барлық саладағы кәсібилігіне байланысты. Осы мәселені терең зерттеген А.Маркова мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің мына төмендегідей психологиялық

критерийлерін анықтаған:

1. Объективті критерийлер: мұғалімнің өз мамандығына қаншалықты сәйкес, әлеуметтік тәжірибеге қосар үлесі қандай екендігі. Жоғары еңбек көрсеткіші, әр түрлі мәселелерді шығармашылықпен шеше алу біліктері, т.б. жататындығын атап өтеді.

2. Субъективті критерийлер: адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығуларына сәйкес. Мұғалім еңбегіндегі субъективті критерийлерге, сондай-ақ, кәсіби-педагогикалық бағыттылық, кәсіптің маңыздылығын, оның құндылығын түсіну, маман иесі ретінде өзіне позитивті көзқарастың болуын жатқызады.

3. Нәтижелі критерийлер: мұғалім өз ісінде қоғам талап етіп оытқан нәтижелерге қол жеткізіп отыр ма деген мәселе. Бұған қатысты қазіргі уақытта әр түрлі түсінік бар екені белгілі. Біреулер нәтиже ретінде оқушылардың білімдерінің стандартқа сай болуын алса, енді біреулері олардың қарым-қабілетін дамытуды алады, ал кейбіреулері оқушылардың өмірге дайындығын басты назарда ұстайды.

4. Шығармашылық критерийлеріне: мұғалімнің өз кәсібінің шекарасынан шыға алу, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатқызылады. Шындығында да шығармашыл мұғалім үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алудың шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор. Тек сонда ғана ол өз оқушыларының дамуына қол жеткізіп, өзінің кәсіп иесі ретіндегі ішкі сұраныстарына жауап бере алады.

Болашақ мамандардың кәсіби құзырлылығын қалыптастыру мәселесінің теориялық негізін айқындау “компетенция”, “компетенттілік” ұғымдарының бірлігі мен ерекшеліктерін қарастырумен тығыз байланысты.

Ғылыми әдебиеттерд бұл ұғымдарға әр түрлі бағытта анықтамалар берілген. “Компетенция” ұғымы латын сөзінен шыққан, ол адамның мәселелерге жақсы хабардарлығын, танымдар мен тәжірибелерді меңгеру аумағын білдіреді. Мысалы, Францияда “компетенция” мен “біліктілік” ұғымдары синоним болып табылады.

“Компетенция” латын сөзі, аударғанда адамның жақсы хабардар мәселелер шеңбері және танымдық пен тәжірибеге ие болуы деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладан компетентті болу – осы салаға негіздемелік талдау жасау және ондағы тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін лайықты білім мен қабілетке ие болу дегенді көрсетеді.

Сондықтан мұғалімдердің сапасын арттыру ісімен айналысатын біліктілікті арттыру мекемелерінің негізгі мақсаттарының бірі – олардың кәсіби біліктіліктің шыңына шығуына жағдай жасау.

Шығармашылық деген шыңға түзу жолмен көтерілу мүмкін емес, ол жолдың соқпағы, сүрлеуі болады. Дегенмен, ізденімпаз, өзіне талаптар қоя білетін, кәсіби деңгейі жоғары, рухы биік, даралық сапалары жетілген мұғалімнің шығар тауының биік болу мүмкіндігі мол.

Алматы қаласы Жетісу ауданы
№148 мектеп-гимназия
Бастауыш сынып мұғалімі
Сасенова Перизат Курмашевна



ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау мәселесінің қазіргі жәйі еліміздегі білім беруді реформалау жағдайында туындап жатқан әлеуметтік-педагогикалық үдерістерді түсінетін жаңа тұжырымдамалық ойлау жүйесі бар педагогтерді дайындау қажеттілігін жоғары оқу орындары да дер кезінде түсініп, туындаған мәселені шешуге жан-жақты кірісіп жатқаны белгілі.

Инклюзивті білім беру саласындағы тәжірибе мен зерттеулерді жинақтап талдау, қоғамның мүгедек балаларды қалыпты дамып жатқан қатарластарымен бірге оқытуға деген оң көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқу орындарының өздеріне де маңызды табыс өлшемдерінің бірі болып табылады. [1].

Қазақстанның білім беру жүйесіне ендігі ретте тек дені сау балаларға ғана емес, сонымен қатар әр түрлі әлеуметтік факторларды, әлеуметтену ерекшеліктерімен есепке ала отырып, дамуында түрлі ауытқулары бар балаларға да білім беріп, тәрбиелейтін жоғары білікті мектеп мұғалімдері ауадай қажет.

Бұл мәселенің маңыздылығы сонша, бұл туралы халықаралық және отандық құқықтық құжаттарда ашық та айқын анықталған. «Дүниежүзілік мүгедектік туралы баяндамада» инклюзивті білім беруді дамытуда жалпы білім беретін педагогтің арнайы даярлығы шешуші мәнге ие екендігі айтылған [2]. Аталған құжатта: «Мемлекеттік жалпы мектеп мұғалімдерінің арнайы оқытылуы олардың сенімділігін нығайтып, мүгедек балаларды оқыту дағдыларын жақсартуы мүмкін. Инклюзия қағидалары мұғалімдерді дайындау бағдарламаларына ендірілуі және мұғалімдерге инклюзивті білім беру саласында кәсіби білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін басқа да бастамалармен қосылуы керек», - деп көрсетілген.

Біздің еліміздегі білім беру саясатының өзекті мәселелеріне: кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту мен жетілдіру, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның

маңыздылығын арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу тағы басқа мәселелер енеді. [3]

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «...ерекше білім беру қажеттіліктері (мұқтаждықтар) – дене бітімінде және ақыл-есінде кемсітігі бар балаларды қоса алғанда, білім алу да қандай да бір себептермен тұрақты немесе уақытша қиындықтарға тап болатын балалардың қажеттіліктері», -делінсе, «инклюзивті білім беру – білім беру бағдарламаларына сәйкес басқа да санаттардағы білім алушылардың тең қолжетімділігін көздейтін даму мүмкіндіктері шектеулі адамдарды бірге оқыту мен тәрбиелеу, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдау», -деп көрсетілген болатын.

Дамуында ерекшелігі бар балалардың білім алу бағдарламасының тиімділігі адамның жасы мен денсаулығындағы қиындықтардың бастапқы нүктесін анықтаудан басталады.

Қазақстан Республикасының 2016-2021 жылдарға арналған білім беру мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру жүзеге асырылуда. [4].

Бүгінге дейін орта білім беру ұйымдарындағы балалардың 32 пайызы инклюзивті оқытумен қамтылған. Бұл мекемелерде арнайы жағдайлар жасалып, мүмкіндігі шектеулі 25 985 бала (28 пайызы) дені сау қатарластарымен тең дәрежеде білім алуда. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау көрсетуге арналған нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау барысында олардың инклюзивті білім беруді дамытудың негізін қалаған құқықтық реформалар болып табылатыны анықталды. Дүние жүзіне белгілі арнайы мекемелерде әлемге танымал инклюзивті білім беру формалары қолданылып келеді. Ондай білім беру формалары әрбір жекелеген баланың өзінің тұрғылықты мекен-жайында білім алуына мүмкіндік туғызады.

Инклюзивті оқыту мәселесімен бірге дербес оқу мүмкіндіктері бар балалар туралы мәселеде бір қатарда қарастырылады. Дербес оқу мүмкіндіктері бар балалар жөнінде оқушының дербес мүмкіндіктері дегеніміз- бұл нақты бір адамды басқалардан құрылымдық ерекшеліктері, миының функционалдық асимметриясының ерекшеліктері және тағы басқа белгілері бойынша ажырататын психофизиологиялық сипаттама екені көрсетілген. Оқушының психофизиологиялық сипаттамасының өзгешелігі – оның дербес мүмкіндіктері деп танылған.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру мәселесі қоғамда әлі де талқыланып, пікірталас тудыруда. «Инклюзивті білім беру» ұғымы көбінесе бұл білім беру ортасын ізгілендіру әрекеті ретінде түсініледі. Инклюзивті білім беру — бұл мүмкіндігі шектеулі адамдарға тең қызмет көрсету. Барлық адамдар білім алуда тең мүмкіндіктерге ие болуы керек. Өйткені, біз

барлық азаматтардың құқықтары тең елде өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан қазіргі таңда мұндай адамдар үшін олардың барлығымен қатар оқуы үшін арнайы жағдайлар жасалуда.

Ағылшын тілінен аударғанда «инклюзия» термині «қосылу» дегенді білдіреді. Инклюзивті білім беру (фр. *inclusif*-лат. *Include*—араласу, қосамын)— жалпы білім беруді дамыту процесі, ол ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ететін, барлық балалардың әртүрлі мұқтаждықтарына бейімделу тұрғысынан барлығы үшін білім алуға қолжетімділікті білдіреді. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға инклюзивті білім беру (тәрбиелеу) — бұл бірлескен оқу сабақтарын, бос уақытты, қосымша білім берудің әртүрлі түрлерін ұйымдастыруды қоса алғанда, арнайы жасалған жағдайларда бірлесіп оқыту және тәрбиелеу. Инклюзивті білім беру білім беру жүйесінің даярлық деңгейіне, даму ерекшеліктеріне, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) қабілеттері мен мүдделеріне бейімделуін, олардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етуге тиіс.

Инклюзивті білім берудің басты мақсаты — жеке баланы өзгерту немесе түзету емес, оқу процесін осы баланың мүмкіндіктеріне бейімдеу. Инклюзивті білім берудің 8 қағидасы бар. Бірақ олардың бүкіл мәнін бір негізгі принципке біріктіруге болады — бүкіл білім беру жүйесі белгілі бір баланың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне бейімделеді. Инклюзияның ерекшелігі — оқу орындарындағы білім беру жүйесі мүмкіндігі шектеулі балаларға бейімделеді. Адамдардың ерекшеліктеріне қарамастан, оларға жайлылық үшін арнайы жағдайлар жасалған оқу орындарында оқуға мүмкіндік беріледі: оқу бөлмелерін қайта құру, оқытудың жаңа әдістері, бейімделген оқу жоспары, бағалаудың өзгертілген әдістері. Мүмкіндігі шектеулі балаларға сапалы және қолжетімді білім беруге жағдай жасау үшін ерекше технологиялар қолданылады. Инклюзивті технологиялар екі үлкен топқа бөлінеді: ұйымдастырушылық және педагогикалық. Ұйымдастырушылық технологиялар бейімделген және қол жетімді білім беру ортасын құруға, ал педагогикалық технологиялар оқу процесін жүзеге асыруға негізделген. Ал жоғарыда аталған технологиялар мүмкіндігі шектеулі адамдарда бұзушылықтарды белгілі бір дамытуға бағытталған кіші санаттарға бөлінеді. Инклюзивті сыныпта ұйымдастыру көп күш — жігерді қажет етеді, өйткені баланың жұмысына қосылудың барлық қыр-сырын ескеру қажет. Әр бала жеке болғандықтан және әрқайсысына ерекше көзқарас қажет. Мұғалім балалардың қызығушылығына бейімделіп, қажет болған жағдайда оқыту әдістерін өзгертуі керек. Жаңа білім беру технологияларын игеру үшін көп күш қажет, атап айтқанда, бұл мұғалімдерге қатысты.

Мұғалімнің негізгі міндеті — білім алушыларға болашақта өзін табуға, тәуелсіз, өзіне сенімді адамдар болуға, оларды қоғамдағы өмірге дайындауға көмектесу. Мұғалімнің оларға белгілі бір функционалдылық пен қасиеттер жиынтығын қалай енгізуі олардың қоғамға бейімделуіне байланысты

болады.

Инклюзияны дамыту үшін мыналар маңызды болып табылады: мұғалімдерді міндетті түрде қайта даярлау, арнайы білім беру жүйесінің тәжірибесін тарта отырып, инклюзивті білім беруді қолдаудың ресурстық орталықтарын құру, қашықтықтан білім беру жүйесін дамыту, мүгедектермен және мүмкіндігі шектеулі адамдармен жұмыс істеудің нысандары мен әдістерін жетілдіру, тәрбиелеу мен оқытудың барлық кезеңдерінде арнайы технологияларды пайдалану.

Интерактивті білім не үшін қажет, ол қандай категорияларға бағытталған, интерактивті білім берудің қандай технологиялары бар екендігі туралы біраз сөйлескеннен кейін, сіз осы технологияларды практикада қолдануға біртіндеп ауыса аласыз.

Негізінен, практикада интерактивті білім берудің педагогикалық технологиялары қолданылады, өйткені олар мүмкіндіктері шектеулі адамдарды оқытудың барлық идеяларын іске асыруға жауап береді. Интерактивті білім беру нәтиже беруі үшін, ең алдымен, оқытылатын адамдардың қабілеттері туралы көбірек білу керек. Өйткені бұл ойынға ұйымдастырушылық технологиялар енеді. Олардың арқасында оқыту үшін белгілі бір схема жасалады. Педагогикалық технологияларды қолданудың бір түрі — сауалнама. Әр адамға белгілі бір сұрақтар жиынтығы бар форма беріледі, соның арқасында мұғалім оқушының мүдделері мен қабілеттерін анықтай алады. Нәтижелер жиналып, талданған кезде сабақтарға арналған материалды таңдау оңайырақ болады. Сабақты құрастыруда мұғалім сауалнамадан кейінгі нәтижесін ескере отырып, әр оқушыға арналған тапсырмаларды таңдауы керек. Бұл тәсіл даралау принципі деп аталады. Ол барлық сынып оқушыларына тең мүмкіндіктер жасауға мүмкіндік береді, осылайша практикада инклюзивті тәсіл жүзеге асырылады. Егер сабақ барысында оқушылардың бірі қалған деңгейден жоғары көрінетін нәтиже көрсетсе, онда мұндай оқушылар шағын топтарға біріктіріліп, олар үшін білім деңгейіне сәйкес тапсырмалар таңдалып алынады.

Сондай-ақ, мұғалімдердің күш-жігерін дамудағы қайшылықтардың алдын алуға бағыттауға мүмкіндік беретін көптеген технологиялар бар. Балалардың әлеуметтік күзіреттілігін дамытуға бағытталған технологиялар мен әлеуметтік ойын технологияларын атап өткім келеді. Біріншісі, өз кезегінде, әлеуметтік дағдыларды тікелей оқыту, топтық қызмет түрлерін, соның ішінде ойын түрлерін еліктеу және ұйымдастыру арқылы әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Бұл технология пайдалы және маңызды, өйткені ол құрдастарымен өзара әрекеттесу дағдыларын, өзара көмек пен өнімді қызметті үйретеді. Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін – бұл сізді қоғамда қабылдаған кезде үлкен құндылық, сондықтан сіз өзара іс-қимыл мен өзара көмектің дамуын бағыттауыңыз керек. Кез-келген қиын жағдайда, дәл осындай ерекше адамдар көмекке келеді, ал басқалары жай ғана бұрылады. Екінші технологиялар бірдей мақсатқа ие, бірақ сәл

өзгеше. Әлеуметтік ойын технологиясында театр жаттығулары, аула және оқу ойындары негізінде жасалған дидактикалық ойындар бар, олар назар, ерік, есте сақтау, сөйлеу, тез ойлау, қимылдарды үйлестіруді дамытып қана қоймайды, сонымен қатар интерактивті білім беру жағдайында маңызды болып табылатын сыныптастарымен және мұғаліммен іскерлік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады. Бұл технологияларды іске асыру оңай, өйткені оларда көптеген ойындар бар, соның арқасында мүмкіндігі шектеулі адамдарға үйрену оңайырақ болады.

Осылайша, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін инклюзивті тәсіл – бұл біздің санамыз үшін жаңа нәрсе. Мұндай адамдар үшін өзін-өзі бағалауды арттыру, дамыту үшін өте жақсы әдіс. Олар үшін бәрі бірдей емес елде бейімделу өте қиын. Статистикаға сәйкес, мұндай адамдар қарапайым адамға қарағанда әлдеқайда табысты болады. Қанша танымал адамдар мүмкіндігі шектеулі болды және бұл адамдардың жүрегін жаулап алуға кедергі болмады. Мұның бәрі әртүрлі жолдармен көрінеді: біреу күшті, біреу әлсіз. Бұл мүмкіндігі шектеулі балаларға қоғамның толыққанды мүшелері сияқты сезінуге және бейімделу кезеңінен сәтті өтуге, қарапайым балалар мен олардың ата-аналарына ерекше балаларға деген толерантты көзқарасты қалыптастыруға және адамдарды қалай қабылдауға болатындығын білуге көмектесетін интерактивті білім беру технологиялары.

Қорыта келгенде, инклюзивті білім берудің негізгі басты мәселелерін анықтадық олар мынадай:

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлаудың теориялық негіздері айқындалып, жүргізілген тәжірибелік-эксперименттің нәтижелері төмендегідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. «Инклюзия» ұғымының, инклюзивті білім беру жүйесінің, инклюзивті білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданудың аса маңыздылығы қазақстандық білім беру саласында әлі де кең аяда және жан-жақты зерттелуі керектігі анықталды.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуындағы әлеуметтік орта мен оның функциялары анықталды.

Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану даярлығының психологиялық, педагогикалық ерекшеліктері анықталып, ғалымдардың еңбектерін, педагогтердің озық тәжірибелерін талдау барысында дамуында ауытқуы бар балаларды тәрбиелеу мен оларға білім беру ісін әлеуметтік мәселе тұрғысынан қарастырылу керектігі анықталды.


Осындай талдау негізінде инклюзивті білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану құзыреттілігі, оның деңгейі, сипаттамасы анықталды.

Алматы қаласы Жетісу ауданы

№148 мектеп-гимназия

4 сынып

Есенбаева Дамегул Жамбуловна



БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТИ ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Жасанды интеллект бұдан былай ғылыми фантастика емес, өмірдің ақиқатына айналды. Жаңа дәуірдің басталғанына куә болып отырмыз. Кезінде электржарығымен интернетті ойлап табу тіршілігімізді қалай түбегейлі өзгертсе, жасанды интеллекті технологиясының ықпалы да дәл сондай орасан зор. Ол адамзаттың тұрмыс салтын мүлдем басқа арнаға бұрып, жұмыс процестерін автоматтандырады және ауқымды экономикалық құндылық қалыптастыра алады. Кейбір сарапшылардың бағалауынша, жасанды интеллектінің жаһандық экономикаға қосатын елеулі үлесі – дүниежүзілік ЖІӨ-нің төрттен бір бөлігіне парапар. Аталған технологияның кең қолданысқа ие болуы Қазақстанның қарқынды дамуында маңызды рөл атқара алады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президенттің пікірінше, қысқа мерзім ішінде жасанды

интеллектіні дамыту үшін барлық жағдайды жасау қажет. Мемлекет басшысы форум қатысушыларына бұл бағыттағы жұмыстың негізгі басымдықтарын атап өтті.[1]

Жасанды интеллект үшін үлкен болашақ күтілуде. Бұл технология қазір ең жылдам дамып келе жатқан және перспективалылардың біріне айналды. Ақылды дауыс көмекшілері, сурет салатын, мәтіндер мен музыка жазатын нейрондық желілер — бүгінде ешкімді таң қалдырмайды. Білім беруде жасанды интеллектті қолдану туралы көбірек айтылып жатыр: мұндай жағдайлар қазірдің өзінде бар. Кембридж университетінің сарапшылары жасанды интеллектті қолдануды EdTech 2023 негізгі трендтерінің бірі деп атады (көзі).

Біз жасанды интеллектті бизнес үшін қалай

қолданылатыны туралы блогта болғанбыз. Бұл мақалада біз AI сізге тиімдірек үйренуге көмектесетінін және дәл қазір бұл үшін қандай мүмкіндіктер бар екенін талқылаймыз.

Жасанды интеллект дегеніміз не

Жасанды интеллект (AI) - бұл машинаға әдетте интеллектуалды ойлау арқылы шешілетін мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін технология. Жасанды интеллект адамның мінез-құлқына еліктейді; Негізгі ерекшелігі - алынған мәліметтер мен «тәжірибе» негізінде өздігінен білім алу мүмкіндігі.

